ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

22.09.2025 № 435

Ақтөбе қаласы город Актобе

**Білім беру ұйымдарында қаражат жинауға тыйым салу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына, «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары, басқармаға ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының басшылары:

1.1. Білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналар арасында қаражат жинауға тыйым салынсын;

1.2. Қаражат жинауды болдырмау туралы педагогтер мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары күшейтілсін;

1.3. Білім беру ұйымдарына педагог кадрларды қабылдау кезінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмесін;

1.4. Ротация тәртібімен ауысқан білім беру ұйымдары басшыларының командалық ауысуына жол берілмесін;

1.5. Электрондық қолтаңбаны пайдалану және оларға қол жеткізу құқығына қатысты сақтық шараларын алу мақсатында электрондық қолтаңбасы орналасқан құрылғыны өзге қызметкердің қолдануына беруге қатаң тыйым салынсын;

1.6. Сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық және қылмысқа жол берген барлық айғақтардың алдын алуы бойынша тиісті деңгейде шаралар қабылдансын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасарлары Н. Бертлеуоваға, А.Тындыбаеваға жүктелсін.

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ басшысы** **Б.Күзембаева**

003310